

Жерүсті басқару кешенін және "Kazsat" ғарыш аппаратымен байланыс мониторингі жүйесін консервациялау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 1212 Қаулысы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 396-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ 2008 жылғы 8 маусымда "Kazsat" ғарыш аппаратын басқару жүйесінде болған штаттан тыс ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Kazsat" акционерлік қоғамына тиесілі жерүсті басқару кешені және "Kazsat" ғарыш аппаратымен байланыс мониторингі жүйесі 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап "Kazsat-2" ғарыш аппаратын пайдалануға бергенге дейін консервацияда тұр деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов